

«Қазақстан шетелдік БАҚ көзімен» байқауының қатысу ережелері

- Байқауға қатысуға барлық мемлекеттердің азаматтары шақырылады (**Қазақстан азаматтарынан басқа**);
- Конкурсқа шетелдік баспа және онлайн БАҚ-тың **штаттық және штаттан тыс** қызметкерлері және блогерлер қатыса алады;
- Байқауға шетелдік БАҚ-та немесе әлеуметтік желілерде **2024 жылғы 1 тамыздан 2025 жылғы 1 тамызға дейін** жарияланған **300-ден 3000-ға дейінгі** сөзден тұратын ақпараттық материал / ұзақтығы **1-ден 60 минутқа дейінгі** телевизиялық немесе радио репортаж, подкаст, әлеуметтік желідегі жарияланымдар қатыса алады;
- Егер ақпараттық материалдың тілі қазақ, орыс немесе ағылшын тілі болмаса, оның аталған тілдерге аудармасын қоса тіркеу қажет;
- Толтырылған өтінімдерді жарияланған материалмен және оның аудармасымен мына **электронды поштаға жіберу қажет: mediacontest2025@mfa.kz**;
- Байқау жеңімпаздарын ҚР Сыртқы істер министрлігінің, «Kazakh Tourism», AIFC, «Astana Hub», «Отандастар қоры», «Верный капитал» басшылығы мен министрліктің жауапты қызметкерлері кіретін қазылар алқасы айқындайтын болады.
- Барлық материалдарды **2025 жылғы 15 тамыздан** кешіктірмей жіберу қажет;
- Конкурс қорытындысын **2025 жылғы 15 қыркүйекке дейін** жариялау жоспарланған;
- Жеңімпаздар **Қазақстанға сапармен** марапатталады. Ұйымдастырушылар эконом-класпен ұшу, қонақүйде тұру, жергілікті көлік және Қазақстандағы мәдени бағдарлама, сондай-ақ тәуліктік шағындарды өтейді.